


А. 2005

13375K

Әбілфайыз ЫДЫРЫСОВ

ӨЗГЕ ЕМЕСПІН,
ӨЗІММІН!



Әбілфайыз ҰДЫРЫСОВ

**ӨЗГЕ ЕМЕСПІН
ӨЗІММІН**
(Өмірлік хикая)

“Елорда”
Астана–2004



ББК 84 Қаз 7

Ы 21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Ыдырысов Ә.

Ы 21 Өзге емеспін, өзіммін! *(Өмірлік хикая)*

Астана: Елорда, 2004. – 312 бет.

ISBN 9965-06-376-8

Қазақ журналистикасында өзіндік орны бар журналист, публицист, жазушы, ұстаз, профессор Ә. Ыдырысовтың бұл кітабы өзінің өмір-баяндық деректеріне құрылған.

Кітап 4 бөлімнен тұрады.

Автор балалық шағынан бастап, өзінің есею, өсу жолдарын, еңбек еткен орындарын, әріптес-достарын, өмірінде із қалдырған біртуарлар болмысын дәл, нақты деректермен шынайы көрсеткен.

Шығарманың құндылығы да осы – шынайлығында.

Ы 4702250200-298
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-06-376-8

© Ыдырысов Ә., 2004

© “Елорда”, 2004

І бөлім

ӘУ БАСТА, ҚОЛҒА ҚАЛАМ АЛҒАНДА ...

Мен әкімшіл-әміршіл жылдарда өмір кештім. Сол уақыттың тынысын бейнелеуге атсалыстым...

Бұл бөлімде сол бір албырт шағымда жазған мөлтек повесть, очерктерім...

ЖАҢА ДИРЕКТОР

1. Баубектің өз хаты

Жазушы Борис Полевой айтқандай, журналистің жүрегі мен тұрағын бүгінгі өмір лебінің өзі белгілейді. Сол себепті қайнаған өмірдің сан алуан оқиғаларынан еркін сусындап, елді, жерді көп кеземіз. Таңғы тағамды Алматыдан татсақ, түстігімізді қара алтынды Қарағандыдан, ал, кешкі асымызды сонау тың сүбесі – Қостанайдан ішетін жайымыз бар.

Сонымен, бұл жолы сапар Қызылордаға түскен. Айтпақшы, жолға шығарда жүрегімде күйініске ұқсас бір күдік болғанын айта кетейін. Әдеттегі іссапарда: “Анаңдай тақырыпқа, мынандай тақырыпқа очерк жазуға тиіспін”, – деп қиялдап, тіпті, сюжетін де ойлап шыққаныммен сапардан құр алақан оралатынымын. Көркемдеп жазарлық өмірдің сұлу көріністері тамаша оқиғалары – журналист тілімен айтқанда – фактілер жетіспейді емес. Бұлар жетеді. Бірақ, “көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда берекесі қашады”, – дегендей қаламымның желі жетпей бөгелетінмін де қалатынымын. Сондықтан, Қызылордаға жүрерде: “Егер бұл сапардан сәтті оралсам, онда очерк дегенді енді ойға да алмаспын!” деп өзіме-өзім іштей серт еткенмін. Жолаушы сапарына осылай аттандым.

Алдын ала тон пішуім, шынында, бекер екен. Міне, бұл жолы қаннен-қаперсіз келсем де жолым болды. Газеттің шұғыл тапсырмаларын орындап, ауылдан-ауыл аралап жүргенде, нақ қаланың түбіндегі бір қазақ мектебінің директорымен ұзақ шүйіркелесіп, әңгімелесуге тура келді. Содан бері Баубек екеуміздің арамызда үзбей хат жазысу, пікір алысу басталды. Баубектің жасы 30-дан жаңа ғана асса да біраз желілі оқиғаны басынан өткерген, білімі де мол жігіт, жан сезімі терең. Кейіпкерімді алдын ала осылай бірден мадақтауға одан өзім алған сабақтар әсер етіп отыр.

Досымнан әр хат алған сайын оның жан сезімін терең ашатын сырларды ұғына түсемін. Әр хатымен маған Баубек жазмыш очеркім туралы оңтайлы пікірлерге жетелей түседі. Шынын айтсам, осыған қарамастан бұрын сүбелі очерк жа-

зып, көзге түспеген жас қалам кібіртіктеп, ұзақ көсілуге жүрмей қойып еді. Күтпеген жерден жуықта Баубектен тағы бір хат алдым. Міне, осы хат қаламға күш-жігер ала келді. Сондықтан оқушыға алдымен осы хаттың мазмұнын айтып бермекпін.

* * *

Баубек былай деп жазыпты:

“... Уақыт сонша жылдам өтіп барады. Егер қолымда күш болса, ойға алған үлкен істерімді аз мерзімде орындап алу үшін оны кідірте тұрар едім. Бірақ, қайда?!

Міне, Әбеке, жұмыс басты болған адам хатты да осылай бастауға мәжбүр. Жаңа ғана плантациядан келгендіктен жазған хатымды амандықтан бастауды ұмытып бара жатыр екем. Кешір! Иә, алдымен өзіңнің денсаулығың қалай? Біз болсақ, ыстыққа көнбіс болған адам, неде болса төзіп жүре береміз. Қазір мектепке мұғалімдердің бәрі жиналды. Демалысқа шығып қайтуым керек еді. Бірақ, мұнда тың істерді бастағаннан кейін оны аяқтау керек. Оныншы класс оқушылары негізін қалаған бақ бар. Электр қуатымен жұмыс істейтін мастерской. Күріш плантациясы, мектептің тәжірибе участогіндегі жұмыстар!

Міне, осыларды көзбен көріп, кішкентай өндірілерімнің арасында жүрмесем, өз тынысымды тар сезінем. Сондықтан, соңғы екі аптада өзіңе хат жазуды да ұмытып барады екем. Міне, нақ қазір 16 оқушы жұмыс істеп жатқан колхоздың егістік даласындағы күріш плантациясынан көңілді оралып отырмын. Неге, дейсің ғой? Себебі, әуелгі міндеттемеміз бойынша әр гектар егістіктен 28–30 центнерден өнім алуға серт жасасак, ал, қазіргі тәжірибе ең кем дегенде 35 центнерден өнім алуға болатындығын көрсетіп отыр. Әр іске ұрыншақ болсам осы жазғы екі айда әбден биолог та болып алдым. Өнімнің қанша түсетінін, өзің көрген Түгел Жарманов деген оқушы бар еді ғой, сол екеуіміз есептеп шығардық. “Қалайша?” – деп танданарсың. Бұл жерде мен биолог Елқондының өзіме көрсеткен зор көмегін жария еткелі отырған жоқпын. Шіркін, ол жігіт қой! Не болса да бәрін үнсіз тындырады.

Сонымен, тағы да шаруа жайымды баяндауға оралайын. Бір ай ішінде колхоздан өзіміз өңдеуге алған 25 гектар күріш егістігін үш рет суарудан өткіздік. Балалар оның екі рет арам шөбін тазартты. Істі біраз ыңғайлап алғаннан кейін бар күрішті мастерской салуға тоғуға тура келді. Сонымен, Түгел Жар-

мановты күріш плантациясындағыларға жетекші етіп қалдырдым да, өзім оқушылардың қалған тобымен мектеп тәжірибе участогін және мастерскойын салуға тікелей араластым. Иә, электр қуатымен жұмыс істейтін мастерскойды салу және оны жабдықтау оңайға түсіп отырған жоқ. Бұл жұмысты орындау үшін де ұжымның өзіне сүйенуге тура келеді. Қанатым – ұжым ғой. Комсомол ұйымындағы өрендерге сөз салғанда, олар қол ұшын берді. 40 мың кірпішті үш күнде құю ғажап емес пе! Соны мектеп оқушылары әпсәтте-ақ орындады. Көлемі 90 шаршыметрлік мастерской үйін оқу жылы басталуға 20 күн қалғанда кәміл салып біттік. Электр жабдықтарын жүргізуге былтыр өзің корген авто және трактор үйірмелерінде оқып жүрген қыздар мен жігіттер араласты. Оларға сен білетін завхоз басшылық жасады. Сөз арасында айтуға тура келеді. Ол кісіге делінген сындар әсер етсе керек, қазір өзін жақсы ұстап жүр. Елгезек! Бірақ, баяғыдағыдай жасырын, сырлы жылпос елгезек емес сияқты. Осыны аңғарамын.

Аудандық оқу бөлімінің тарапынан мастерскойға керекті біраз станоктар біздің мектепке жіберілмей отыр. Шалдың ашуын және қулығын білу қиын ғой. Әйтеуір, сылтауын табады, жабдық сұрай барғанымда тауалымды екі-үш рет қайырды. Сосын не істейін, қол қусырып қарап отырғаным жоқ. Айналып, үйіріліп келіп Жүсекене тағы қолқа салдым. Бак жасап, мектеп оқушылары колхоздың орталық усадьбасын көріктендіруге батыл кіріскеннен бері, ана жолы өзінің газетке жазғанындай, колхоз председателі өте көңілді. Бар көмегін аямайды. Токарлық және слесарьлық екі-үш станокты МТС-пен келісіп, алып бергелі отыр. МТС орталығынан әкелуге кеше соған кісі де жібердім. Сонымен алдағы оқу жылында политехникалық оқу жүйесін биыл былтырғыдан да тамаша жүзеге асырамыз деген ойдамыз. Ендігі жемісті Елқонды, Қазыбектер шаштырады.

Жаңа оқу жылына әзірлік жөнінде жазуды сұраған екенсің. Оған қайтарар жауабым – әлгілер. Сонымен қоса мынаны да айтқан теріс болмас. Қайткен күнде жас буындарды тәжірибелік іске бейімді адамдар етіп шығару керек емес пе! Сондықтан авто және трактор үйірмесімен қоса жас шоферлар даярлайтын, жас шопандар мен төл күтушілер даярлайтын үйірмелер ашуды белгілеп, оқу жылы аяқталысымен осы жөнінде мәселені толық шешкенбіз. Сабақ өткізушілерді колхоз мамандарынан іріктеп алдық. Қолдағы бұрынғы жауыр көк машина егізденді. Екі жаңа “ГАЗ-151” машина бар. Ал болашақ мал мамандарының тәжірибелік орны орталық

усадьбадан бір жарым километр жердегі № 1 ферманың базасы болмақ. Онда арнаулы бөлме белгіленіп, мектеп жабдықтары жеткізілді. Қысқасын айтқанда, мектепке жаңа келетіндерді қарсы алуға байланысты жұмыстар, оқу жылын бірден тиянақты бастап кетуге қажетті жайлар бәрі әзір!

Менің оқушыларды еңбекке баулуды сонша сүйетінімді өзің білесің. Бірақ, мен балаларды жұмысқа жас ерекшеліктеріне қарай үйретуді жақтаймын. Советтік педагогиканың заңының өзі – осы. Соған қарамастан оқу бөлімінің меңгерушісі – Шал менің пікірімді аудандық партия комитеті алдында түсінік беруіме тура келді. Әрине, орынды пікірдің өңін айналдыру – әділетсіздік.

Бұрынғы директор әлі күнге сыртын беріп жүр. Ішкі ренішін білдірмеуге тырысады. Бірақ, белгілі ғой, оралғы түрде көлденең түсе береді. Сөйтіп, Жөкең менің адал пейілімді бір ұғынбай-ақ қойды! Ол жұмыстың қауырт кезінде демалысқа шығамын деп отырып алды. Қалғанын орындадым.

Шәрбан қалыпты жұмысыңда. Оқу жылы біткеннен бері бір де тыным көрген жоқ. Ол: “Мен тек мектептің ғана кітапханашысы емеспін!” – дейді.

Өзіміз іздестірген сырлы суретті түсірген фотоаппаратты таптым. Ол, Ломоносов атындағы мектептің күзетші шалының қолында екен. Бірақ оқиғаны осы жолы өзі жарыла баяндап берді. Бұл да қажет болар деп жазып отырмын... Оқиғаны осыдан бастағаның жөн бе, – деп ойлаймын. Оны өз еркің біледі.

Ал, біраз уақытыңды алғаныма айып етпе?! Менің қазір жұмысқа шығатын уақытым болып қалды. Мектеп жұмысының қамына кеттім! “Жолаушы қақысы жүрсе бітеді”, – дегендей бәрі осы мектеп қамы ғой!

Хат келгенше, Баубек”

Сөйтіп, Баубек хаты – әлгі. Шынын айтсам, өзіме керек болмағасын хатта жазылған біраз жайларды тастап та кеттім. Жә, іске көшкен жөн шығар!

... Иә, алыстағы Баукең сырлы сурет оқиғасын тағы да еске алыпты-ау. Алдымен таныстықтың өзі бір сүре әңгіме емес пе еді?!

2. Осылай танысып ек

Мені креслоға отырғызғаннан кейін, директор қоңыр үйеңкіден жасалған ойық столдың ар жағындағы арқалықты креслосына бірден барып отырмай, жаңа ғана бірдеңе өлшеп

жатқан мысқал таразысын күйбектеп шкафтың біріне қойып біраз жүріп қалды. Осыны пайдаланып, уақытты өткізбей, ойымды жинақтай түстім. Қайткенде мерейім үстем болу керек.

Журналистік тапқырлық. Ал, бұл түскірі менде жеткілікті емес. Дегенмен, очеркист Тендряковтың қойын дәптеріне жазған бір сырында: “Қысылтаяң кезде журналист адам әңгімені сонша қарапайым жайға аудару керек. Осы арқылы сөйлеушіні өзіңе тартуың қажет. Бұл үшін тіпті, отырған орнындағы болып жатқан оқиғаны пайдалана білгенің де орынды”, – деген сөздері табанда есіме түсе кетті.

– Осы, мен мектеп мұражайына тап болып отырған жоқпын ба? Директор осында деп нұсқап еді?! – деп қуақыландым.

Ол:

– Баубек Дәуіров! – деді күлімсіреп. – Директор менде, сіз сол кісінің кабинетінде отырсыз! Мынаған келіссек: Мені Дәуіров жолдас демей-ақ, Баубек деңіз! Ашық болуға осының өзі-ақ жақсы.

Таныстық. “Сен” деп сөйлейтін болдық.

Енді ғана Баубек екеуміз анық жүздестік. Бойшандығы семіздігіне жасырынып тұрған жігіт екен. Даусы қоңыр үнді, жұмсақ. Өз ойының дұрыстығын дәлелдеуге келгенде ғана қатқыл сөйлейтін қалпы бар. Тұлғасы да сом біткен. Қақпақ жауырынды. Сөл қорасан дақты, ақ сүр беті етшең әрі дөңгелек. Еріндері ғана түсіңкілеу, дүрпілі. Бірақ, күлгенде құсырылып, жақсарады. Көрушісін: “Қырықтың қырқасында шығарсың”, – деп ой түюге итермелейтін Баубектің сөздері салмақты да ойлы, нығарлы. Сонымен ол, мен, әуелі ойлағандай мосқал тартқан кісі де емес екен. Аңғарғаным – сол. Баубек отыздың арғы қырына жаңа ғана иек артса керек.

– Оқу бұйымына кабинетті сонша лықытып қойғанда басқа мақсат жоқ, Әбіш! – деп ойлы жүзбен сөйлеп, Баубек әңгімені бастап кетті. Мұнысы әлгінде мен қойған сұраққа жауабы. – Директор әкімші емес, алдымен ол – мұғалім. Қысқа күнде директор алдына талай педагог, талай оқушы келеді. Олар сенен оңтайлы ақыл, орынды кеңес күтеді. Соның бәрінің тілін, бәрінің жүрегінің қалауын таппасаң, олар саған келесіде: “Ой тәйір-ай, соны қойшы столға отырғанына мәз байғұс қой”, – деп қарайды. Жарайды, мұны да қойдық. Педагогиканың заңы директорға: “Сен мұғалімдеріңнің білгенін түгел білмесең де, үштен бірін біл”, – дейді. Соған қарекет лайық болу керек. Қаңқаларды көркіне қараймын

деп жиып отырғаным жоқ, Әбіш! Әйтеуір, бос уақыттарым солармен сырласуға кетеді.

Айтқандай, ол мені Әбіш, мен оны Баубек дей отырып, ұзақ әңгімелестік.

Мектеп екі жылдан бері өзінің тәжірибе участогіне ие болыпты. Былтыр одан түскен өнім ақшасына оқу кабинеттеріне жабдықтар алынған көрінеді. Өткен жылы мастерской, кітапхана салынған екен. Әсіресе, директор өз әңгімесінде соңғы екі жылда ұядан ұшқан түлектерін мақтан ете береді. Өйткені, олардың көбі осы “Коммунизм” колхозының пайымды колхозшылары болып алған. Бітірушілердің бәрін өндіріске мойынсұнуына мектепте шоферлер дайындайтын, трактор жүргізуді үйрететін үйірмелердің жұмыс істеуі зор әсер еткен көрінеді.

Сөйтіп, жаңағы әзірде бойға үйірілген үрей де ыдырады. Дамылсыз бас ізеп тыңдап, сұрақ та қоя отырып, Баубекпен бірінші кездескенімді ұмытып кете жаздап отырдым. Әңгімешім де солай. Сөз арасында дауласып та қаламыз. Бірақ мен, өзімше, журналистің дәстүрін сақтап жазуға ойлап келген тақырыбыма көпке дейін жалтарып, оралмай қойып ем, Баубек:

– Әбіш, жұмыссыз жүрмеген шығарсың. Келген шаруанды айта отыр. Журналист келсе, түртіп кетуші еді. Әйтеуір, сабақ болатын сын жазсаң қуаныштымыз, – деп деміл-деміл қақпайлай берді.

“Кім біледі, сыр тарту үшін Баубектің де әдейі жасауы мүмкін. Әлде байқау керек”, – деп те ойлаймын. Бұлай ойлауым, өзімше, орынды. Өйткені, әккі бастықтар тәжірибесіз журналистке сын жазуға еш уақытта факті бермейді. Жұмақты сөзбен орнатып шығарып салады. Мына қалам қайраткерлерінің жазылмаған заңы бойынша сын бетін торлап алынған фактілермен ашуы керек.

Міне, аңғалдық! Қапелімде:

– Мектебіңізді “дача” деп естіп едім, – деп қалуым бар емес пе! Айтылған сөзді қайыру қиын, кеш! Іштей өкіндім. Мәссаған, сақтық! “Ең болмаса жұқалап та айтпай, торса қойып қалдым-ау?!” – деп ойлап отырып:

– Естіген құлақта жазық жоқ... – деппін.

Шынында, қалада бір дос жігітімнің дастарқан үстінде “Коммунизм” мектебінде істейтін педагогтардың көбінің қаладан қатынайтынын, сондықтан әлгі педагогтардың өздері жұмыс істейтін мектепті “дача” деп атайтынын естігенмін.

Ел аузынан естігенді айтып нем бар еді?! Бәрінен осыған қысылдым.

Сөйткенше болмай, Баубек, мырс етіп, зілді күлді де:

– Осындай бірдененің ұшын тартқың кеп отырғаныңды өзім де сезіп ем! Жарайды, әйтеуір, әділ таразышы өзің боларсың. Мен бәрін айтайын. Бірақ, қазір емес! Қане, мектебімізді көріңіз, – деп орнынан тұрды.

3. Ол келгесін...

Аралап келеміз. Мұның не үшін қажет екенін өзім де білмеймін. Бірақ, кластардың есіктерін аша отырып, түгел сүзіп шықтық. Көбі бір-біріне ұқсас – сырланбаған боз парталар, жылтыр қызыл сырлы едендер, терезе алдында алақандай көк жапырақтары салбыраған фикус гүлдері. Ауыл мектептерінде кластар есігінде шыны жазулар сирек кездесетін. Болса, бір жапырақ қағазда класс қана көрсетілетін. Ал, мұнда олай емес. Бөлмелер есігінде қара шынылы жазулар. Оларда қай класс екенімен қоса, сол кластың жетекшісі кім, өтілетін сабақтардың кестесі де жазылған. Иә, класс жетекшісі мен өтілетін сабақ кестесі де! Жазудың сары қоламен иректеле көмкерілген бір жақ ашық бұрышында: “Кешіккендер” – деген жазу бар. Бұл шамасы сабаққа кешігіп келушілер мен нашар үлгерушілердің тізімін ілуге арналып қалдырылған орын болса керек.

Клуб та, кітапхана да, мастерской да өз жаңалығымен. Клубтың кіре берісіндегі бір шағын бөлменің маңдайшасында: “Билетті өзің ал!” – деген жазу көрінеді. Іштегі қобдишаға да көз түсті. Қақпағы ашық екен. Екі оқпантайының бірінде әлдеқандай билеттер жатыр.

– Бұл не жаңалық?! – деймін таңданып.

– Өзі жұмыс істейтін “жанды касса”,... – дейді Баубек жымыш. – Касса “ақылсыз” емес, өзін ақтап тұр.

Кітапханада да Баубек екеумізді ешкім қарсы алмады. Мұндағы кең бөлменің қабырғалары, терезелері сырғытып ашылатын шкафтар ретінде бітеу жасалыпты. Манағы директор кабинетіндегі жазулар тағы еске түседі. Әр тұстан: “V класс үшін”, “VI класс үшін”, “VII класс үшін” тағы осындай жазуды оқимыз. Ортадағы ұзын үстел үстінде де тақтайша жазулар.

Мен таңдануды ерсісініп, бұл жолы директордан ештеңе сұрамап ем. Аралап жүргелі сөзге сараңдаған Баубек, менің түсінік айтуды тілеп келе жатқанымды өзі сезіп:

– Мұнда дайындалу балалардың уақытын да алмайды, кітапханашыны да беймаза етпейді. Керектерін балалар өздері алып оқиды, өздері орнына қояды, – дейді, “ар жағын өзін түсін” дегендей.

– Сонда кітапханашы не істемек?! – дедім мен ойды жалғастырмақ болып.

– “Етікші іссіз болмайды”, – дегендей, оған да жетеді. Ол қаладан жаңа кітаптар әкеледі. Оларды мына тұрған сәкілерге іріктейді. Не керек, Шәрбанға ермек көп. Тіпті, ештеңе болмай қалса, кітапханашы қызымыз бірдеңені өзі ойлап табады.

– Шәрбан?!

Төргі бөлмеден бір қыз шықты. Талдырмаш, кара торы өңі қағілез. Қыр мұрыны келте бітіпті. Мөлдір, кара мойыл көзі ірілі-кішілі шапыраш. Ұрланғанымен назды қарайды. Қоңыр шашты. Ұшы үкі ұлпасындай ұлпілдек, жуан қос бұрымын омырауы ашық төсін екі жақтан жасыра жауып алға жіберіпті. Маңдай, самай шаштары шашыранды, тал-тал бұйра екен. Екі шекеге қарай ұйпалана толқынданған. Бізді көргенде көзінің қиығымен ғана қарап жымиды, жұмсақ амандасты.

Сөйтсе де жалған қымсынуы жоқ:

– Төрлетіңіздер! Қазір ғана фермадан оралып ем, газет-журнал жиналмастан, қалай болса солай шашылып жатыр, – дейді.

– Жарайды, оқа жоқ! Бү кісі тілші болады, Шәрбан.

Мектепті аралап көріп жүр. А, бұ кітапханашы, Шәрбан дейтін қызымыз, Әбіш. Тілеуінді бергір, бір өзі. Көрмейсің бе, колхоз фермасына барып, үгіт жүргізіп жүргенін.

Баубектің мадақтауын ерсісінгендей Шәрбан:

– Иә, ағай остеді! Әйтеуір, көтермелей береді. Мен жаман аттан құтыла алмай жүрсем?! – деп қарсылығын айтып қалды.

Мастерскойды да көрдік. Директордың өзі: “Бұл біздің мақтанышымыз”, – деген тәжірибе участогін де араладық. Байқап келем, директор кеңсесінде отырғанда “арық сөйлеп, семіз шықпақ” үшін өзі осы мектепке келгелі істелген істердің бәрінің де мақтауын тарылтып айтыпты. Әйтпесе, мынатәжірибе участогін тек қана “мақтаныш” деген сөздің ішіне сыйғызбас еді. Оның ішінде тұрғанда қуатты колхоздардың бақшалы алқабы еске түседі. Не жоқ! Осынша ыстықта, осындай жер жағдайында мұнша жемісті өсіруге мүмкіндіктің болғаны, ә?!

– Қалың коптің қолынан не келмейді дейсің! Міне, әлгі көргендеріңнің, мына коріп тұрғандарыңның бәрін істеуші – оқушылар, Әбіш. Біз, ойтеуір, айғай-шушы, бас-көз болушымыз! – деп Баубектің өзі де риза болып тұр.

Түс ауып барады екен. Баубек те, мен де мұны жаңа ғана аңғардық. Ми қайнатқан ыстық әсерін енді сездік. Күн шытынап, ашуланып тұрған сияқты. Ыстық тілмен жалап, бусандырып барады. Колхоз селосының коғал тосі әлгі учас-ток қана екен. Сондықтан басқа көшелердің бойы жайдақ, сығырдан корінеді. Биылғы көктемде ертерек егілген тұт ағаштары қай қошеде кездеседі. Бірақ, ыстықтан бұғып өспей қалыпты. Төйпіл-тырбық. Шаңдақ жамылып, сүп-сүр боп тұр. Бір-бірінен үріккендей алшақ-алшақ орналасқан зікиген шатырсыз бозғылт үйлердің арғы шеті көгілдір сағым теңізіне сүңгіген. Коз ұшындағылары жерде емес, ауа ішінде теңселіп көрінеді, дорияда жүзіп бара жатқан кеме сияқты.

Үйге беттегенде мен Баубектен манағы бір айтам деген жайын баяндауды өтіндім. Ол: “Айтсам ба, айтпасам ба”, – екен дегендей болып тұрды да:

– Жарайды! Үйде бір сурет бар, соны көргесін барып естісең оқиға саған қызық боп корінеді! Жарайды, қазір үйде әңгімелесейік, – деді.

Алдымда Баубек көрсеткен сурет. Ол екі жақ қанаты суырма артпалы, беті жұмсақ қара былғарымен көмкерілген жатаған сары үйеңкі үстел үстіндегі қалың шынының астында жатыр. Басқа суреттер де көп. Бірақ мен арқалықты үстелге жайғасып отырып ап, тек Баубек “коре тұр” деген суретке бедірейе қарап отырмын.

Суреттің бұдан бұрын да талайдың коз майын тауысып, қолдан-қолға өткені айтпай-ақ білініп тұр. Кір сіңген, қожа-лак. Әу баста унибром қағазы, ерқашты болған жауыр аттың тоқымындай сауыс-сауыс бопты. Шеті түте-түте. Әр жерінде тамған сияның, түскен шылым шоғының көкшіл, сарғылт дақтары бар. Бұл бір болса, оның үстіне озін онша әккі суретші түсірмесе керек. Жарығы жеткілікті алынбағандықтан сурет күңгірт. Аса зер сала қарамаса ондағы көріністі ажыратудың өзі қиын.

“Шәйға салқын сумен басты жуып, жеңілейіп барып отыр-масак рет келмес”, – деп тысқа шығып кеткен Баубек қайтып келгенше, мен “сырлы” деген суретке қараумен болдым.

Шамасы не суы тартылған жұқа қопаның-шетінде, яки шөбі ойдым өскен аянда түсірілген сияқты. Қайткен күнде де алдымдағы суретте үйпа-түйпасы шыққан қалың шөптің

көрінісі түр. Сұлап біреу жатыр. Ол не қыз, не келіншек, әйтеуір, әйел затынан. Жатқан дененің бас жағында бір адам бар. Ол суретке әйелдің басына еңкейіп кол созған күйінде түсіріліпті.

Мұны көріп, Баубекке іштей ренжиін дедім. Қабақ шытып жинап үлгергенімше оның өзі де үйге кірді.

– Қалай, Әбіш, көрдің бе?

– Көрдім! Ұнамсыз екен.

– Ешкімді танымадың ба?

– Жоқ!

– Солай ма, Әбіш? Бәсе, ұнамақ түгіл, ренжісең керек. Ондағы айтуға келмейтін көріністің бір қатысушысы мына мен. Әне, тәні ашылған Шәрбанның басын сүйеуші кім екенін көрдің бе?!

– Сен! Баубек?! Шәрбан?! Қалайша?!

4. Жұмбақ сурет сыры

... – Алдымен Шәрбан екеуміздің осындай пасық суретке қалайша түсіп қалғанымызды айтайын.

Ымырт қабағын қалың жауып, қою түнге орын берген. Иә, түн еді! Түннің қатігез берік, мізбақпас ұстамды екенін сол жолы көрдім. Қойнында болып жатқан оқиғаны баяғы бір әдетіне басып, ішіне ғана сыр етіп түйіп тастамақ екен! Қара мақпал көрпесін тұйықтап, ештеңені көрсетер емес. Сонда қараңғы түн ішінде қырылдап естілген Шәрбан дау-сын, менің құлағымға жеткізген жел ғана!

Әрі үй қарасын көрмегеніме бір аптадай уақыт болған. Оның үстіне сексеннен асқан көксау әкем біреуден әдейі сәлем айтып, шақыртқан еді. “Ауруым меңдеп барады. Ұлым мен десе, келіп логдірге апарсын, болмас енді!” – деген екен. Сол үшін ауылдан 7–8 шақырымдай жердегі оқушылар жұмыс істеп жатқан күріш плантациясынан орталықтағы үйіме кештетіп келе жатқам.

Көліксіз, жаяуым. Ойымда дәнене жоқ, сәлем әкелген Қалтақтың тілімен талай жүрген таныс жалғыз аяқ төте жолмен кеттім. Ол ескі аңыздардың арасын қақ жарып өтетін еді. Сондықтан биік жал-жал атыздардың ішімен қараңғыда жүру оңайлыққа түспей келеді. Әудем жер жүрісімен-ақ ыстықтап, маңдайымнан шып-шып тер шығып, олар тарамдана келе самайдан жол салып, тамшы боп аға бастады. Жол қысқарсын деп қос басынан ыңылдап өлең айтып шығып ем, ұзамай ол да тиылды.

Жұмысқа әдейі киген керзі етігімен окпедей былқылдаған ұлпа шанды қолқ-қолқ басып келе жаттым. Жолда тұтас көмген боз шандақ алға жүрген сайын қалындап, бұрқырай түсті. Жазыла аяңдауыма сол ғана кедергі боп келе жатқандықтан, жол арасын тастай беріп, қатқыл ернеуді жиектей жүрдім. Енді боз жусанға қонған шаң тозаңдап бетке ұшты. Тап қазір Қалтаққа ызам кеп келеді. “Үлкен жолмен жүрсем ғой, тым құрыса арбалы көлікке кездесер ем”, – деп те ойлап қоям.

Жарайды, сонымен жүре берейін. Аздан кейін бір саябыр самал жел тұрып, маңдайдағы терді желпіді. Быжырқай қалың жұлдызды қара көк аспанда әлдеқандай бұркеу бұлт пайда болды. Қанатын жайып оның бір шеті біздің ауылдың үстінде төніп тұрғандай көрінді. Анда-санда Қалтақ пен әкем есіме түседі. Тілін алам деп, осынша мехнат шеккенім үшін оған ренжідім. Ал әкемнің: “Логдірге апар!” – дегеніне таңдандым. Бірбеткей, қайсар шал бұрын дәрігерге қарал дегенде: “Тәйт әрі, қартайғанда тәніңді біреуге корсет дейсің бе?” – деп бет қаратпайтын еді. Бүгін мынадай дегеніне қарағанда сірә аурудан жеңілейін дегені ғой. Әлде байғұс өліп қалды ма екен? Қазекеннің біреуі өлсе естіртетіні болушы еді?! Қалтақ әдейі шақырып кетпесе?! Осыны ойлап келем.

Кенет бір дауыс естілгендей болды. Ауылға да тақап қалғам. Алдым әрі кетсе екі шақырымдай ғана жер. Бірақ секем алайын дедім. Сыр өзенінің жағасында осы кезде де жаңа бауыр жазған бөлтірігін ертіп ұялас қасқырлар жүреді деп еститінмін. Ұлыған солар болмаса?!

Сағырақ құлақ түріп, аяңдай бердім. Осы тұста бір шағын ғана көлшік болатын. Ол биыл тартылып қалған. Ортасындағы шалшығында қоқысы бар, жиегі селдір ғана қамысақ-ты. Соған да жеттім. Алысып-жұлысқанда ырылдасып шығатын дауыс сияқты бір үн бұ жолы анық естілді.

– Апырмай!!! А-а-ып!!! Жіберіндер, бұзықтар! Жі-бер!!! – қырылдап, ышқынып шыққан нәзік қыз үні. Қолымдағы жуан ақ таяғымды керзі етігімнің өкшесіне сарт еткізіп соғып қап:

– Кім де болсаңдар, атам! Тоқтаңдар! Атам!.. – деп дыбыс шыққан жаққа тұра ұмтылдым. Ойым зөбір көргенді арашалау, қорлаушыларды қорқыту. Құрттаған көлшіктің күншығысынан қиялап барып, сай өтетін. Бер жағы тікше жар. Аралықта қалтиып-қалтиып атқұлақтар өскен. Түн қараңғылығында бәрі де бірдене күтіп, бедірейіп тұрған мүсәпір адам-

дар сияқты. Соларды баса-көктеп екі кісі қалбалақтап жүгіре жөнелді.

Менің олармен ісім болмады. Дауыс шығарған қызды іздедім. Нақ көлшіктің қарсы бетінде ес-түссіз біреу жатыр. Қараңғы түнде дене ағарып көрінеді. Іштей налыдым.

– Бү кім?! – деймін. Үн жоқ.

Бү кім? – дедім, тағы да үндемеді. Жалма-жан мойнының астына кол салып жібере берем дегенде біреулер дүрсілдетіп жүгіріп келе жатқандай болды. Бұрылып қарағанымша болмады. Бір аппақ жарық көз жұмғанша жалт етті.

Жатқан денеге қайта үнілдім. Талықсып қалған екен.

Жәбір көрген Шәрбан болып шықты. Сәлден соң есін жиды.

– Ағай-ай, сіз екенсіз ғой! Қылқындырып өлтіріп тастай жаздады. Неге екенін білмеймін басымды бүркеп шамасы жарты сағаттай отырғызды да қойды. Әбден булығып терледім. Пысынап өліп бара жатқан соң: “Ең болмаса демалуға мүмкіндік жасаңдаршы!” – деп өтінгенде ғана тыныстауға кішкентай саңылау жасады. Сонсын неге екенін білмеймін, бір уақытта аты-жөні жоқ түйгіштеп жұмарлай бастады. Сөйтіп, есімді шығарды, – деп қамыға да булығып жылады. Кімнің қолына түскенін өзі де білмейді. “Үйден шыққанда басымды бүркеп, көтеріп ала жөнелгенін ғана сезіп қалдым”, – дейді өксігін баса алмай.

– Немене?! – деп едім, қыз:

– Шыным, арым адал! Соларына рақмет, – деді.

Сондағы көрініс өне алдындағы сурет! – деп Баубек сөзін аяқтады.

5. Ескі директор

Баубек әңгімені жалғастыра жөнелгенде, бүйрек бет, ұзын қабағы қарлығаштың қанатындай сүйірленіп барып біткен, томпақ иекті Сәулет жеңгейге жасырын көз қиығын тастадым. Баубектің әңгімесін ол қалай тыңдап отыр, осы Шәрбан деген атты ол қалай қабылдайды – осыларды торламақпын. Әлбетте, бір қапа болса қандай әйел болмасын тыр-жаңдап, ерінің сөзін жақтырмайтыны бар ғой. Сәулетте бұл жоқ. Аңғал отырған күйі көк ала кеседегі қаймақ құйған шәйді сызаттап ішіп отыр. Ал Баубек менің ой түкпірімді өзі аңдағандай боп:

– Сәулетке бұл әңгіме тансық емес, – деп бір еңсеріле қозғалып қойды. Күріші быртыып-быртыып бөрте піскен, кесек етті палауды майын сығып, сығымдап тұрып, күміс қасықты толтыра асап жіберді де ұртыштана сөйледі.

– Қойшы, сонымен, күндер өте берсін. Науқас әкем емханада дүние салды. Қаза ауырлығын он шақты күндей жүк еттім де серпідім.

Мұндайда кісіні сергітетін – жұмыс. Осы Сәулеттің: “Атайдың өліміне келіп-кетушілер көп болады ғой”, – дегеніне қарамай, баяғы плантацияда жатқан балаларыма тарттым. Олар да Қалтақтың айғайына ығыр боп, мені сағынып қалған екен:

– Ой, алақай, ағай өзіңіз келдіңіз бе? Жақсы болды ғой! Енді бізді тастап ешқайда кетпеңізші?! – деп қуанысып қалды. Колхозға өсіріп береміз деп балтауға алған күрішті мезгілімен суға бөктіреміз. Кезінде агротехникалық шараларын жасаймыз. Жұмыс қыза берді. Сонымен қоңілде әке өлімімен байланысты пайда болған кірбең оқушылардың гу-гу қуанышты дүрмегімен шөйілді де кетті.

– Сәулет, сенің есінде ме, әлгі менің үйге түнделетіп келетінім? Иә, айтқандай тамыздың басы екен ғой. Сол кезде беймаза бір ыстық болды. Күн еңкейіп бара жатыр еді. Шамасы сағат алтының кезі. Баяғы Қалтағым тағы келсін.

– Баубек, сені Қожбанов жолдас шақырып жатыр. Бүгіннен қалмай жетсін деп бұйырды. Ал, маған осында қал деді, – деді.

Жайшылықта шағыр көзі үнемі жыпылықтап, өзі ылғи ырсиып күліп тұратын, жақ жүні үрпиген шикіл сары жігіт бұл жолы адамның күлкісін шақырғандай маңғаздана қалыпты.

– Сен келсең, жаманат әкелуші ең, – дедім мен ойымда дөнеңе арамдық жоқ, әзілдеп.

– Әкең өлсе, өз ажалы. Қайғырсаң, жатсаң етті үйінде! – деп Қалтақ шақ ете түсті. Шағыр көзі шатынап, ұясынан шығып барады. Ашуды еріксіз шақырып тұр.

Мен ештеңе демедім. Үрген қарындай тырсылдап тұрған соң ол байғұста нем бар. Бірақ, Қалтақтың әлгіндей шатынай сөйлегеніне таң қалдым. Ол бұрын мектепте шаруашылық істі басқаратын. Коктемде директор оны: “Жалғыз машинаны бір жондете алмай-ақ қойдың”, – деп жұмыстан шығарып тастады дегенді естігенбіз. Сойтсе де ол сүмендеп мектеп маңайынан шықпайтын. Сағы сынық, жүні жатық боп бір де мұғалімге тіс жарып сөз айтып, қабақ шытып, көз алартып көрген емес-ті. Міне, бүгін, мектепке алты аласы,

бес бересі жоқ болса да мынадай деп тіксініп тұр. Сондықтан да маған әлгісі сонша ерсі көрінді.

“Бұлай жасауына қарағанда Қалтекең, сірә, бұрынғы жұмысына қайта оралған ғой! Директор осындағы балаларды басқар деп жұмсаған шығар. Сонсоң, өзінше, тізгінін жимақ боп тұрған болар”, – деп ойладым.

Енді кетуге ыңғайланғанымда балаларым шуылдасты:

– Ағай, тез келіңіз. Бізді қалдырып, келмей қойсаңыз, өкпелейміз?! – дейді. Біреуі осы кезде қодырандап, қосқа кіріп бара жатқан Қалтаңның сыртынан жұмырық көрсетті, жымың етті. Мен: “Тек, үлкенге олай жасау жарамайды. Тентек болмаңдар!” – деген рай білдірдім.

– Әй, Қалтақ байғұс-ай! Қызық еді-ау өзі?! – деп осы кезде әлденені еске алғандай, қымсына отырып, Сәулет те бір мырс етіп күліп қойды.

– Сонсоң?!

– Сонсоң, жайғасқасын ертеңіне сағат онның кезінде мектепке келейін. Жөкен отағасының жұмысқа қай уақытта шығатыны өзіме мәлім. Жазғы демалыс кезі түгіл, қысқы қауырт шақтың өзінде ол кісі он жарымсыз жұмысқа келмейтін. Енді не жорық. Айтқандай мектепте ешкім жоқ.

Мектебіміз село шеті ғой. “Шынымен-ақ қаңырап бос тұр ма екен”, – деген оймен аралап шықпақшы болдым.

Коридордың ішінде, кластарды да, әйтеуір, сылаған болыпты. Демалысқа тарардағыдай алапес емес. Бозамық. Ажырата қараса, осының өзінен алақол әктелгені бірден білініп тұр. Ал есік-терезелер әлі баяғы аңғал-саңғал күйінде. Көп кластардың есігі әлденеге өкпе артқандай, қиқайып сынып жатыр. “Биыл тақтайланады”, – деген еденде де түк жоқ. Баяғысындай. Ойматаздың басындағы қыршаңқыдай, ойдым-ойдым бұжырмақ боп жатыр. Тамыз туды, бұған қашан тақтай еден салынбақ?!

“Әй, Жөкен отағасы-ай, айтса білгірсіді дер едіңіз. Күр көкірек кеудеңіздің қуыстығын мыналармен дәлелдесе ғой тағы да ренжисіз”. Іштей осылай ойладым. Осы кезде мектеп коридорына кіретін сыртқы есік майланбаған арбаның донғалағы секілді ойбайлай ашылды. Шәрбан, мен көрмеген және екі-үш адам.

Шәрбан көнетоз қара бүрме шалбар киіп алыпты. Ол кезде қыз тығыршықтау еді. Қазір булығып өсіп таралған ғой. Қойшы, шыттан жыртып жасаған ақ орамалы бар екен. Киімінің бәрі әктің, сары лайдың тамшыларымен қақ-қақ болған. Қолында кетпені. Жанындағылардың да сондай ас-

паптары бар. Шәрбан мені көргенде қымсынды. Нарттай қызарып тұрып:

– Сәлеметсіз бе? – деді. Мен де:

– Сәлеметсіз бе? – дедім. – Не, мектеп жөндеуге қатынасып жүрсің бе? Өз қызметің қайда?

– Аңадағыдан кейін демалысымды алып ем. Қарап отырып үйге сыймадым, жұмысқа қайта шықтым. Бірақ, мұнда пионерлер аз. Сондықтан қолым боста жөндеуге қатынасып жүрмін.

Откен жылы ғана осы мектепті бітіріп аға пионер вожатыйы болып қалған Шәрбанмен, мен бұрын сөйлесіп көрмеген ем. Тек төнеугі түнгі оқиғадан кейін өзімен бір әңгімелесіп, жөнін сезсем бұзықтарды газетке жазу ойымда бар-ды. Бірақ, соған тап жаңағы кезге дейін ешбір мүмкіндік болмады. Қолым тимеді. Мына жерде тағы реті жоқ. Сөйтіп дымым құрып тұр едім, Шәрбанның өзі:

– Ағай, сізді директор шақыртқан жоқ па? – деді.

– Иә, жұмысты тастап сонсын келіп едім. Міне, әлі жоқ қой өзі. Жәй сұрадың ба, шырағым?..

... Қыз күмілжіді. Төмен қарап, артына түйіп байлағанда селтиіп екі ұшы екі жаққа шыққан орамалының бір ұшын тістеп қымсынды. Қыстақ пионерлері арасында, педсоветте де өзін еркін, тіксім ұстайтын, батыл мінезді қыз еді. Ал, жанағысы әлгі. Әлде ана жолғыдан ұялып тұр ма екен?! Соны еске алып өзім де қысылдым.

... Әңгімені Баубек осыған әкеп тірегенде бір қырын отырған Сәулет жұбайына тура қарап:

Осы сен әңгіменің майын тамызып Әбішке соғып отырсың, соғып отырсың. Бұл жігіт алдымен Жөкеннің кім екенін біле ме екен? Соны білдің бе? – деді. Тұйық па десем, Сәулет те жұбайы сияқты ашық екен.

– Ә, ғафу ет, Әбіш! Саған соны айтпаған екем-ау айтпақшы...

– Жөкен – бұрынғы, осы мектептің директоры... Қазір осында мұғалім. Әдебиеттен сабақ береді. Өзің айтқан “дача” деген сөзді шығарушының тап өзі. Дымы құрып жүр. Бірақ “күресін” тоқтатқан емес, – деп Баубек тағы бір әңгіменің ұшын шығарды.

* * *

Жарайды, бұған кейін оралармыз.

... Сөйтіп Шәрбан енді ғана сөз бастай бергенде, есікті сылдыр-күлдір ашып Жөкен отағасының өзі де кіріп келді.

Жер сүзген бұқадай, біз тұрған жаққа состиа бір қарады да кабинетіне қарай өтіп кетті. Соңынан мен де еріп, ішке ілесе кірдім. Амандығыма жауапты Жөкен үстеліне барып отырған соң ғана қайтарды:

– Ә-ә, сен екенсің ғой?! Амансың ба? Төрле, мына жұмсақ креслоға кел!

Шоқтығы ісінген күбідей боп бұрынғыдан да жуандай түскен екен. Етті қысық көзі кірпігінің асты-үстіндегі майға көміліп, жыртиып бітуге айналыпты. Ырс-ырс етіп, екі иығынан демін әзер алады. Кеудесінің сырылдағаны естіледі. Сөйлеуге ыңғайланғанда шарық табақтай бұжыр бетін тыжыра жинайды. Нақ ортасының сүйегі шодырая шығып, өзінше бір дөң жасаған шоқпар мұрны пыс-пыс шуылдайды. Әлденеше рет сөйлеуге оқталып, маған сығырая қарағанымен, неге екені белгісіз, өзін-өзі тежеп қалды. Мықынына қарай салбырай түскен салпы қарынмен тұтасқан бүгежек жуан денесін, күшпен селк-селк қозғап бірер рет жорта жөтеліп, қақырынды. Бұл мір оғындай қашай сөйлеуге оқталып, ой жиғандығының белгісі. Педсоветте де сөйтуші еді.

– Шақыртқансын кеше неге келмедің? Пандығың артайын деген екен, ә! – деді.

Шын-ау, директордың бірден ісіп-кеуіп, үркіте сөйлегеніне ашынып кете жаздадым. Бірақ, ақылды ашуға жеңдіруге бола ма? Ашудың есі артында. Ашу ар бұзады. Сондықтан Жөкеңе ләм қарсы сөз сөйлемедім. Жортақтап алдына түстім.

– Кеше Қалтақтың өзі кеш барды. Ауылға түнделетіп жеттім, – дедім.

– Білем... Түнде жүретініңді! Өз пайданды сен де білмейді емессің!.. Жортуылдың жолы әманда бола берсе жақсы. Бірақ, тұтылады ғой?!.. – деп тұспалдап соғып отыр. Кең танаулары едірейе қалған.

Қойшы не керек, мен кішірейген сайын директор үдей түсті. Біліп отырмын. Оның неге мұнша бураша көпіруін.

* * *

Өткен оқу жылында болған педсоветтерде бұрын: “Сіз былайсыз!”, “Сіздің мынауыңыз – теріс!” – дегенді естіп көрмеген директор Қожбановқа, Жәутіков дейтін мұғалім екеуіміз талай қарсы шыққанбыз. Алдымен жаба тоқылып келген мектептегі жалпы олқылықты айттық. Мектеп неге дұрыс жөнделмейді? Жөнді мастерской неге жоқ? Мұғалімдер не үшін тұрақтамайды? – дедік.

Сабак бере келе кеулеп қиындықтар көп кездескенде, директорға бетін бар, жүзін бар дегеніне, тіпті, қарамадық. Педсоветтердің тақырыбының өзін өзгертуді, сойтіп, оны алдымен оқу-тәрбие жайын жақсартудың нақты мәселелеріне арнауды ұсыныс еттік.

Шынында, педсоветтер – осындай мәселелерді шешетін мұғалімдер органы. Ал, бізде болса, олай емес. Жиналамыз да кемшіліктерді жалпы айтып, шаң-шұң жанжалдасамыз. Келер игі қорытындымыз шамалы.

Сондықтан, бірде әлгі айтқан Жәутіков екеуміз: “Жеке педагогтардың іс-тәжірибесін қарауымыз керек. Алдымен, бірінші рет, Қожбанов жолдастың өзінің жұмыс әдісін сөз еткен артық болмайды”, – деп турасын айттық.

Қожбановтың шымбайына бәрінен осы батты. “Институттан бес жыл білім алғанына мына сарыауыздар шалқақтайын деген екен. Шын атым Жокен болса, оларға көрсетермін!” – деп бір жерде қатты күпінсе керек. Төртінші тоқсанда педсоветтің бір мәжілісі боп, сын айтқанымызда, ол Жәутіков екеумізді жеп жіберердей тура қарап тұрып:

– Илентіп жүріп тәлтектерің жетті. Шаужайдан ала беретін мен ойыншық емеспін! Көздеріңді ашындар, мектеп түгіл, мектептің сарыауыздары түгіл, бір ауданды басқарғам! Әсіресе, Дәуірдің баласы Баубек, сен қой! “Мамандығыма ортақ болды!” – деп тебініп жүрген шығарсың. Садаға кет қазақтың тілінен! Оны мендей-ақ білсін! – деп үстелді қойып-қойып қалғаны бар.

Сонан бері мен десе, Қожбановтың аза бойы тік тұрады. Жәутіков болса, математика пәні мұғалімінің жеткіліксіздігіне қарамастан: “Мұндай мектепте жұмыс істегенше?!” – деп оқу тарасымен басқа жаққа кетіп қалды. Ал, мен болсам, жазда оқушылардан бригада құрып, колхозға қол ұшын беру үшін өзім тілек білдірдім. Ешқайда кетпегім жоқ! Бірақ, директордың сылтауын тауып: “Шаруа жәйдан мұрныңа кіретін түк иіс жоқ. Сен оны не қылмақсың?” – деп тауалымды шағуы қалай?! Беттен танбадым. Колхозда жұмыс істеуге оқушылардың бригадасын құруыма, ол шарасыз көнді.

Міне, жаңағы айтылғандардың бәрі Жөкеңнің жүрегіне жара болып қадалған екен. Қазір соның сасығын лақылдастып жарғысы кеп отыр. Сондықтан, Қожбанов жолдас тікендеп қоймағаннан кейін мен де ашуға булықтым.

– Сіз қандай жортуылды айтып отырсыз? – дедім директордың жыртық көзіне тесіле қарап.